

---

**БӨЛМЕ  
ӨСІМДІКТЕРІН  
КҮТІП-БАПТАУДЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

---



Оқу анықтамалығы

БӨЛМЕ ӨСІМДІКТЕРІН  
КҮТІП-БАПТАУДЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Өңделіп, толықтырылған  
екінші басылым*

*Оқу анықтамалығы*

Алматы  
«Қазак университеті»  
2015

ӘОЖ 635.915 (075)  
КБЖ 42.374 я 7  
Б 78

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
биология және биотехнология факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған  
(№5 хаттама 27 мамыр 2015 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

биология ғылымдарының докторы, профессор **Д.К. Айдарбаева**  
биология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. **А.Т. Қуатбаев**  
биология ғылымдарының кандидаты, доцент **Ж.К. Жүнісбаева**

**Құрастырғандар:**

Г.К. Сатыбалдиева, С.С. Айдосова, А.С. Нұрмаханова,  
А.Б. Бегенов, Б.М. Тыныбеков, М.А. Нұртаева

Б 78 **Бөлме** өсімдіктерін күтіп-баптаудың ерекшеліктері: оқу анықтамалығы / құраст.: Г.К. Сатыбалдиева, С.С. Айдосова, А.С. Нұрмаханова, А.Б. Бегенов, Б.М. Тыныбеков, М.А. Нұртаева. Өңд., толықт. екінші бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 157 б.

**ISBN 978-601-04-1477-8**

Оқу анықтамалығында бөлме өсімдіктерінің қысқаша морфологиялық сипаты, өсіру тәсілдері, агротехникалық амалдары, ғимаратта орналасу реті, оларды күтіп-баптауы, гүлдеу мерзімі, әсемдік деңгейі, сыртқы факторларға төзімсіздігі туралы құнды мәліметтер баяндалады.

Оқу анықтамалығы университеттің биология факультетінің студенттері мен гүл өсіруші қауымға және мектеп оқушыларына арналған.

**ӘОЖ 635.915 (075)  
КБЖ 42.374 я 7**

© Құраст.: Сатыбалдиева Г.К., Айдосова С.С., Нұрмаханова А.С.,  
Бегенов А.Б., Тыныбеков Б.М., Нұртаева М.А., 2015

ISBN 978-601-04-1477-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

## Кіріспе

**А**дамзат қоғамының тарихындағы ежелгі мәліметтер бойынша ғимараттың ішінде әсем-гүлді әртүрлі өсімдік түрлерін өсіру үрдісі көне дәуірдегі Египет ханшайымы Клеопатрадан, Гректің сұлулық құдайы Афродитадан бастау алады. Соңғысының сарайындағы бақшасы тек раушан гүлімен әрленіпті. Ал италиялықтарда раушан гүлі батырлықты марапаттайтын орден – құрметті марапат гүлтәж – ретінде танылған. Ал тарихи деректер бойынша раушан гүлінің келбеті Крит аралында осыдан 3500 жыл бұрын бейнеленген.

Адамзаттың табиғатқа, нақтылай алғанда өсімдіктер әлеміне деген сүйіспеншілігі кең көлемді, күрделі де, нәзік сезім. Ол өз кезеңінде адам бойындағы сезімтал жүректі, орамды ақыл-ойды, рухани да, саналы эстетикалық жоғарғы талғамды адами қасиеттерді қалыптастыратын кешен. Бұл тұрғыдан, табиғат аясындағы сұлулық пен әсемдіктің бір бөлшегі ретінде тұрған үйде, қызметтік мекемелерде, жер үйдің ауласында гүлді өсімдіктерді өсіріп, оларды баптап күту адамға эстетикалық ләззат, жанынды жадырататын танымды силаушы, амалдың бірі де, бірегейі болып табылады.